


# «ҰЛТТЫҚ ҚОР - БАЛАЛАРҒА»: БАҒДАРЛАМАСЫ 2024 ЖЫЛЫ БАСТАЛЫП, ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Алматы, 2024 жыл



# «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасының мақсаты мен әрекет ету тетігі



- ✓ «Ұлттық қор – балаларға» жобасының **негізгі мақсаты** – өскелең ұрпақты қолдау және оларға ұлттық жинақ есебінен тұрғын үй жағдайларын жақсарту немесе білім алуға мүмкіндік беру.
- ✓ Бағдарлама аясында балаларға бағдарламаға қатысқан әрбір жылы үшін жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың басында Ұлттық қордан инвестициялық кірісті қоса алғанда, **нысаналы талаптар** түріндегі қаражат олар 18 жасқа толғанға дейін есептелетін болады.
- ✓ Бала 18 жасқа толған жылы оның нысаналы талаптары АҚШ долларындағы ақшалай баламасы түрінде көрсетілген және 18 жасқа толған нысаналы жинақтарды алушылар тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатында пайдалануға құқылы БЖЗҚ-дағы нысаналы жинақтау шоттарына есептелген **нысаналы жинақтар** мәртебесіне ие болады.
- ✓ 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап **«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасының қатысушылары** ретінде қоса алғанда 01.01.2006 ж. бастап 31.12.2023 ж. туған Қазақстан Республикасының азаматтары болып есептелетін балалар тіркелді. Келесі жылдары туған балалар да автоматты түрде бағдарламаның қатысушысы болады.
- ✓ Еліміздің маңызды әлеуметтік жобаларының бірі – «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасы Ұлттық қордың басты парызын орындауға бағытталған: болашақ ұрпақ үшін жинақтарды қалыптастыру арқылы қаржы ресурстарын үнемдеу.

# «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасын іске қосқаннан кейінгі алғашқы нәтижелер

- ✓ 2024 жылғы 1 ақпанда Қазақстанның азаматтары болып есептелетін барлық балалар үшін БЖЗҚ-ға **Ұлттық қордан алғашқы қаржы аударылды.**
- ✓ Бағдарламаға қатысушылар саны: **6 919 131** бала.
- ✓ Бұлардың ішінде: 18 жасқа 2024 жылы толатын **304 815** бала бар. Оларға қаржы БЖЗҚ-да ашылатын нысаналы жинақтау шоттарына (НЖШ) түседі. Ақшаны **тұрғын үйге немесе білім алуға жұмсауға** болады. Бағдарлама іске қосылғаннан кейінгі 5 күн ішінде нысаналы жинақ төлемін алуға **30-дан астам өтінім** түсті. Олар бойынша төлем жасалды.
- ✓ 2023 жыл үшін аударылған сома: **100 АҚШ доллары 52 центі.**
- ✓ Жыл сайын бұл сома Ұлттық қор өсімі мен инвестициялық кіріс есебінен ұлғайып отырады.



# «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасына қатысушыларға 2023 жыл үшін нысаналы талап және нысаналы жинақ сомасын есептеу

- ✓ Ұлттық қордың инвестициялық кірісі жылдық мәнде - **1,39 миллиард АҚШ доллары**. Бұл Ұлттық қордың 18 жылдағы орташа жылдық кірісі.
- ✓ Ұлттық қордың 18 жылдағы орташа жылдық кірістілігі: **2,6%** АҚШ доллары.
- ✓ Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 50% **мөлшері** – бұл 2024 жылы есептелетін нысаналы талаптар сомасы - **695,5 миллион АҚШ доллары**.
- ✓  $695,5 \text{ млн АҚШ доллары} / 6\,919\,131 \text{ бала} =$  әрқайсысына **100,52 АҚШ доллары**.



# Балалардың саны және оларға есептелген сомалар бойынша бағдарлама шеңберінде Қазақстан облыстары бөлінісіндегі статистика



- ✓ Республиканың жас мөлшері, өңірлері бөлінісіндегі есептеулер бойынша статистикалық есептер [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтының «Көрсеткіштер» бөлімінде орналастырылады.
- ✓ Балалардың ең көп саны (нысаналы талаптарға қатысушылар) - **Түркістан облысында** (922 841 балаға - 92 763 977,32 доллар). Оның ішінде ағымдағы жылы 18 жасқа толған 41 968 мақсатты жинақ алушыға - 4 218 623,36 АҚШ доллары.
- ✓ Балалар саны бойынша 2 орында - **Алматы қаласы** (666 443 балаға - 66 990 850,36 АҚШ доллары), оның ішінде ағымдағы жылы 18 жасқа жеткен 26 621 нысаналы жинақ алушыға - 2 675 942,92 АҚШ доллары.
- ✓  
Үшінші орында - **Алматы облысы** (608 711 балаға - 61 187 629,72 АҚШ доллары). Оның ішінде ағымдағы жылы 18 жасқа толған 26 802 мақсатты жинақ алушыға - 2 694 137,04 АҚШ доллары.

# Қазақстанның облыстары бойынша нысаналы талаптарға қатысушылардың/нысаналы жинақтар алушылардың саны және оларға аударылған сома



облысы	Нысаналы талаптарға қатысушы		Нысаналы жинақтарды алушы	
	саны	сомасы, АҚШ долларымен	саны	сомасы, АҚШ долларымен
Ақмола облысы	215 487	21 660 753,24	11 283	1 134 167,16
Ақтөбе облысы	331 394	33 311 724,88	13 684	1 375 515,68
Алматы облысы	608 711	61 187 629,72	26 802	2 694 137,04
Атырау облысы	277 236	27 867 762,72	11 117	1 117 480,84
Шығыс Қазақстан облысы	225 822	22 699 627,44	9 305	935 338,60
Жамбыл облысы	472 426	47 488 261,52	21 626	2 173 845,52
Батыс Қазақстан облысы	220 355	22 150 084,60	9 406	945 491,12
Қарағанды облысы	343 230	34 501 479,60	16 205	1 628 926,60
Қызылорда облысы	338 320	34 007 926,40	14 182	1 425 574,64
Қостанай облысы	211 083	21 218 063,16	10 716	1 077 172,32
Маңғыстау облысы	330 390	33 210 802,80	12 755	1 282 132,60
Павлодар облысы	213 934	21 504 645,68	10 501	1 055 560,52
Солтүстік Қазақстан облысы	132 977	13 366 848,04	7 418	745 657,36
Шымкент	502 752	50 536 631,04	19 158	1 925 762,16
Алматы	666 443	66 990 850,36	26 621	2 675 942,92
Астана	481 349	48 385 201,48	18 346	1 844 139,92
Түркістан облысы	922 841	92 763 977,32	41 968	4 218 623,36
Абай облысы	157 856	15 867 685,12	9 395	944 385,40
Ұлытау облысы	63 948	6 428 052,96	3 236	325 282,72
Жетісу облысы	202 577	20 363 040,04	11 091	1 114 867,32
<b>барлығы</b>	<b>6 919 131</b>	<b>695 511 048,12</b>	<b>304 815</b>	<b>30 640 003,80</b>

# Бағдарламаға қатысу дерегін қалай тексеруге болады?



- ✓ БЖЗҚ балалар туралы барлық мәліметтерді «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорынан (ЖТ МДҚ) алды.
- ✓ Баланың бағдарламаға қатысу дерегі және оған есептелген нысаналы талаптар туралы ақпаратты кәмелетке толмаған баланың ата анасы немесе басқа заңды өкілдері арнайы құрылған **kids.enpf.kz** сайтынан баланың ЖСН бойынша тексере алады. Сондай-ақ, әрбір балаға жасалған есептеулер туралы мәліметті ата-аналар **egov.kz** порталындағы Жеке кабинетінен тексере алады.
- ✓ **Нысаналы жинақтарды** кәмелетке толған азамат **enpf.kz** сайтындағы Жеке кабинетінде, БЖЗҚ ұялы қосымшасында немесе **egov.kz** порталында өз бетінше тексере алады.
- ✓ «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасы іске қосылған бірінші күні - 2024 жылдың 1 ақпанында kids.enpf.kz сайтына **2,7 миллионнан аса адам** кірді. ЖСН бойынша шамамен **5,5 млн сұраныс** өңделді.

# Егер бала бағдарламаға қатысушылар тізімінде жоқ болса, не істеу керек?

**Егер бала қандай да бір себептермен 2024 жылы «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасына қатысушылардың тізіміне енбесе, балалардың заңды өкілдеріне мынадай құжаттар мен деректерді тексеруге кеңес береміз:**

- балада жеке басын куәландыратын құжаттың болуы (туу туралы куәлік, 16 жастан бастап Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі);
- жеке басын куәландыратын құжатта деректемелердің болуы және олардың дұрыс көрсетілуі: Т. А. Ә., туған күні, ЖСН, азаматтығы;
- "электрондық үкімет" веб-порталындағы "Цифрлық құжаттар" бөлімінде өзінің Жеке кабинетінде балалар туралы мәліметтердің болуы, тіркелуі және дұрыстығы. Бұл ресурста бекітілген баланың нысаналы талаптары бойынша егжей-тегжейлі үзінді көшірме ұсынылады.

## **Егер балада:**

- жеке басын куәландыратын құжат, ЖСН жоқ болса, тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияға (ХҚКО) жүгіну қажет;
- азаматтығы жоқ, анықталмаған немесе дұрыс көрсетілмеген болса, тұрғылықты жері бойынша көші-қон қызметіне жүгінген жөн.

ЖТ МДҚ-ға қажетті түзетулер енгізілгеннен кейін баланың нысаналы талаптары мен инвестициялық кірісі өткізіп алған кезеңді ескере отырып, келесі жылы толық есептелетін болады.



## Бағдарлама шарты

- ☑ 18 жасқа толған балалардың нысаналы жинақтары Ұлттық қордан БЖЗҚ-ға **АҚШ долларымен** аударылады және БЖЗҚ-да НЖШ-да **АҚШ долларымен** сақталады.
- ☑ Жинақтарды пайдалануға өтініш, сондай-ақ, олардың мақсатты пайдаланылуын растайтын құжаттар уәкілетті операторға беріледі.
- ☑ Бағдарламаны іске асырудың екі айында 2024 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша БЖЗҚ жалпы сомасы **199 323,1 АҚШ долларына 1992 өтінішті** орындады. Оның ішінде тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында 78 798,04 \$ сомасына 788 өтініш, білім беру ақысын төлеу үшін - 120 525,06 \$ сомасына 1204 өтініш орындалды. Толық статистика сайттағы [«Көрсеткіштер»](#) бөлімінде орналастырылған.
- ☑ Ұлттық қордан нысаналы жинақтарды төлеуге жеке табыс салығы **салынбайды**. Сонымен қатар, БЖЗҚ өз қызметтері үшін комиссия алмайды.
- ☑ Нысаналы талаптарға қатысушы **қайтыс болды** деп жариялау туралы сот шешімі, қайтыс болған не заңды күшіне енген жағдайда нысаналы талаптарды есептеу тоқтатылады.
- ☑ Нысаналы талаптар / нысаналы жинақтар мұрагерлікке қалдырылады. Мұрагерлер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен БЖЗҚ-ға жүгіне алады. Мұрагерлік құқығы жөніндегі мәселелер Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 6-бөлімімен реттеледі (Ерекше бөлім). Баланың жинақтарын алушы мұрагерлер ақшаны кез келген мақсатта пайдалана алады.

- ☑ **Қазақстан Республикасының азаматтығы** 18 жасқа толғанға дейін немесе одан кейін **тоқтатылған кезде** нысаналы талаптарға қатысушы немесе нысаналы жинақтарды алушы нысаналы жинақтар төлемін алу құқығынан айырылады, бұл ретте:
  - Қазақстан азаматтығын тоқтатқан қатысушының нысаналы талаптары белгіленген тәртіппен **нысаналы талаптардың басқа қатысушылары арасында бөлінеді;**
  - алушының нысаналы жинақтары ЖТ МДҚ-дан нысаналы жинақтарды алушының Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатқандығы туралы мәліметтерді алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде алушының НЖШ есебінен шығарылады және БЖЗҚ-ның нысаналы жинақтарды алушылар алдындағы келесі есепті жылғы міндеттемелері ретінде есепке алынады. Бұл ретте нысаналы жинақтарды алушының нысаналы жинақтау шоты жабылады.
- ☑ Бағдарламаға қатысушы 18 жасқа толғаннан кейін **10 жыл** өткен соң қатысушының пайдаланбаған нысаналы жинақ сомасы БЖЗҚ-да қала береді және нысаналы жинақтау шотынан оның ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін ашылған жеке зейнетақы шотына аударылады. Ерікті зейнетақы жинақтарын пайдалану шарттары мен тәртібі ҚР зейнетақы заңнамасында көзделген.



Назар салғандарыңыз үшін  
рақмет!

